



«БЕКІТЕМІН»

Ректор

Г. Мұтанов

2017 жыл

**Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын
жүзеге асыратын білім беру мекемелеріне қабылдау
кезінде құрылатын әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университетінде
апелляциялық комиссиясы туралы**

ЕРЕЖЕ

Алматы, 2017

1. Жалпы ережелер

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде (әрі қарай – ҚазҰУ) апелляциялық комиссиясы кешенді тестілеудің нәтижелерімен және/немесе тест тапсырмаларының мазмұнымен келіспейтін талапкерлердің өтініштерін қарастыру үшін құрылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылдың 1 шілдесіндегі № 350 бұйрығымен бекітілген жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру мекемелеріне қабылдау кезінде құрылатын апелляциялық комиссиялар туралы Ережені басшылыққа алады.

2. Апелляциялық комиссия базалық жоғары оқу орны болып табылатын және ҚазҰУ-да құрылады.

2. Апелляциялық комиссияның құрамы

3. Пәндер бойынша апелляциялық комиссия әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың профессорлық-оқытушылық құрамынан құралады.

4. Апелляциялық комиссияны төраға басқарады. Апелляциялық комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен (әрі қарай - Министр) оның мүшелері арасынан бекітіледі, ал апелляциялық комиссияның құрамы - кешенді тестілеуді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі (әрі қарай - мемлекеттік комиссия) мемлекеттік комиссияның төрағасы (ректор) тарапынан бекітіледі.

Мемлекеттік комиссияның мүшелері апелляциялық комиссияның құрамына ене алмайды.

Республикалық комиссияның төрағасы мен құрамы Министрдің бұйрығымен бекітіледі.

5. Апелляциялық комиссияның жұмысына құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бақылаушылар ретінде ерікті түрде қатысады.

3. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі

6. Кешенді тестілеудің нәтижелерімен және/немесе тест тапсырмаларының мазмұнымен келіспейтін талапкерлер ҚазҰУ-дың апелляциялық комиссиясына белгіленген үлгідегі өтініш тапсырады. Жүгіну кезінде өтініш беруші өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжатын және тестілеуге арналған рұқсат қағазын алып келуі қажет.

7. Апелляция туралы өтінішті талапкер тестілеу нәтижелері жарияланғаннан кейінгі күні сағат 13-ке дейін бере алады.

Талапкердің тестілеу өткізудің технологиясын бұзуы жөніндегі мәселелерге байланысты берілген апелляция қабылданбайды.

8. Комиссия апелляция туралы өтінішті оның берілуінен кейінгі бір тәулік ішінде қарастырады.

9. Кешенді тестілеудің нәтижелерімен келіспеу жөніндегі апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстардың теңдігі жағдайында комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10. Апелляциялық комиссияның жұмысы комиссия төрағасы мен оның барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді. Апелляциялық комиссия мәжілістерінің хаттамалары бір жыл бойы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Ұлттық тестілеу орталығында сақталады.

11. Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша берілген апелляцияны қанағаттандыру жөніндегі ұсыныс республикалық комиссияның қарастыруы мен бекітуіне жіберіледі.

12. Республикалық комиссия тест тапсырмаларының мазмұны бойынша берілген апелляцияны қанағаттандыру жөніндегі ұсынысты қарастыру кезінде апелляциялық комиссиялардан бітірушілердің жауап бланкілерін, тестілеу технологиясын сақтау туралы мәліметтер сияқты қажетті құжаттар мен мәліметтерді талап етуге және алуға құқылы.

13. Республикалық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстардың тең болуы жағдайында комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.


Апелляциялық комиссияның жұмысы комиссия төрағасы мен оның барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

14. Апелляциялық комиссия апелляция өткізілген күні оның нәтижелері туралы талапкерге ауызша хабарлайды. Апелляция нәтижелерімен танысып шыққаннан кейін ол өтініш банкінің тиісті графасына өз қолын қояды.


15. Апелляция нәтижелері апелляция аяқталғаннан кейін ақпараттық стендтерге ілінуі тиіс.

Келісілді :

Бірінші проректор

 М.Бүркітбаев


Оқу ісі жөніндегі проректор

 А. Хикметов


Экономикалық және
өндірістік мәселелер
жөніндегі проректор

 Б. Қалжеков


Әлеуметтік даму жөніндегі проректор

 Ш. Жаманбалаева

Әкімшілік департаментінің
директоры

 А. Аубакиров

Экономика және қаржы
департаментінің директоры

 Х. Малаев

Құқықтық жұмыс


басқарма басшысы



Б.Құрманалиев

Енгізілді:

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



Ж.Жаппасов